«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ
ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ
ГОРОДА АСТАНЫ»

БҰЙРЫҚ
№ 521 25.12.24 ж

ПРИКАЗ
№ _____

**Тікелей шарт жасасу
арқылы бір көзден алу тәсілімен
мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру туралы**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы № 434-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 41-бабының 1, 4, 5-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 39-бап 3-тармақ 25-тармақшасына *(қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алу);*

39-бап 3-тармақ 3-тармақшасына *(сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты ерекше құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу);*

39-бап 3-тармақ 53-тармақшасына (*Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актімен айқындалған тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды жалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, тұрғын емес мақсаттағы жалданатын ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және оған қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, егер тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген, тұрғын емес үй-жайлар орналасқан ғимараттағы тұрғын емес үй-жайларды пайдаланатын басқа тұлғаға немесе тұлғаларға осындай қызметтер көрсетілетін болса, тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген тұрғын емес бір немесе бірнеше үй-жайды техникалық күтіп-ұстау (оның ішінде аса маңызды мемлекеттік объектілерге жататын ғимараттарда орналасқан мемлекеттік органдардың), күзету және оларға қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтер)* сәйкес төмендегі қызметтер тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

«Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі»;

«Бағдарламалық жасақты әкімшіліктендіру және оған техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер»;

«Басылып шығарылатын мерзімдік баспаларға жазылу қызметтері».

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қаржылық жұмыс бөлімі мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а **М. Абдрахман**

000586